

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Қ.Т. Кошқумбаев*  
*академик Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-дің аға*  
*оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры*  
*А.Е. Адамбекова*  
*академик Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ*  
*Дизайн мамандығының 4 курс студенті.*

Жаңа сатыда Қазақстанның мәдениеті мен өнері өркениеттер диалогымен тоғыса отырып, өз дамуының жаңа деңгейіне көшті. Осы үдерістің өте маңызды нәтижелерінің бірі стилистикамен, көркем тілдің өзіндік ерекшеліктерімен анық білдірілген ұлттық түсінікті қалыптастыру болып табылады.

Олай болса бүгінгідей түрлі мәдениеттер тоғысындағы жаһандану үрдісінде бағыт бұрған заманда ұлтымыздың рухани өресін биіктететін мұрасына қайта үнлу оның тағылымдық мәнін қайта зерделеу-заман тудырып отырған қажеттілік. Осы тұрғыда мектеп оқушыларына көркемдік білім беру өте маңызды мәселелердің бірі.

Бейнелеу өнеріндегі көркемдік құндылықтар, ізгілік, шындық туралы ұстанымдар мен идеялар, өнер иесінің көркемдік, образдық жүйесіне, шығармашылық тұтастығына берік негіз бола алатын қоғамдағы элеуметтік іргелі факторлар қызметін атқарады. Сондықтан да жүйелі берілген білім мен іс-тәжірибенің арқасында, тәжірибелі ұстаздар ұсынған көркемдік ой мен шығармашылық идея, талапкер шәкірт алдындағы шеберлікті, тапқырлықпен іздемпаздықты ашатын күдіретті жасампаз ұғым қалыптасады.

«Көркемдік» термині эстетикалық сөздіктерде «бұл ұғым эстетика мен өнертануда өте маңызды рөл атқарады» деп түсіндіріледі [1]. Біріншіден, өнердің өзіндік ерекшеліктеріне қарай қоршаған ортаны тану (ғылымнан басқа), екіншіден, көркем шығарманың эстетикалық жетістік деңгейі.

Педагог-ғалымдар           Ә.Қамақов,           Б.Әлмұхамбетов,  
Қ.Әмірғазин,           Қ.Ералин,           Ұ.Ибрагимов,           Ж.Балкенов,  
Қ.Болатбаевтар           оқушыларға           арналған           бейнелеу           өнері

сабақтарында көркемдік білім берудің бірқатар әдіс-тәсілдерін зерттеді. Оқулық пен оқу құралдарын дайындады. Бірақ осы кезге дейін болашақ мұғалімдерге көркемдік білім берудің бір саласы болып табылатын бейнелеу өнер тарихын оқушыларға таныстыру өнертанымдық білімдерін, бейнелеу дағдылары мен іскерліктерді қалыптастырудың педагогикалық-әдістемелік мәселелері шешімін таппай келе жатқандығын айту қажет.

Аталған термин пластикалық өнер сөздігінде «кең көлемде және тар көлемдегі мағынасында» түсіндіріледі. «Көркемдік» терминінің тар мағынадағы ұғымы жоғарыда келтірілген сөздіктерде былай беріледі: өнер өзіндік ерекшеліктеріне қарай басқа қоғамдық танымдардан өзгеше ерекшеленеді (ғылымнан, діни көзқарастардан және т.б.). «Көркемдік» терминін кең мағынасында алатын болсақ, өнердің өзіндік мазмұны, оның формасы және оның тұтастығы деп түсінуге болады [2].

Ал, «Көркемдік» түсінігі – эстетикалық сөздіктерде көркем шығарманың эстетикалық жетістік деңгейі деп түсіндіріледі. Бұл терминнің тар мағынада қолданылуы қандай да бір көркем шығарманың сапалық критерийі ретінде алуан түрлі сипатта қолданыла береді. Осы орайда айтылған ой-пікірлер көркемділігі жоғары (немесе нағыз көркемдік), көркемділігі аз (немесе әлжуаз, сүреңсіз) және мүлдем көркем емес (нашар, сәтсіз) туындылар туралы болып отыр.

Бұл тұрғыдан алғанда, «көркемдік» сөзі оның тұтастық деңгейіне, көркем шығарманың шынайы әрі терең мазмұндылығына және көркемдік форманың жетілуіне, ойдың тұтастығы мен шығарманың орындалуына да байланысты қолданылады [3].

«Көркемдік» – өнердің сапасы мен оны жасайтын шығарманы анықтайтын ұғым. Өнер әрқашан көркем, яғни сәнді туынды жасауға тиіс. Эстетикалық әсемділіктің өнерге тән ерекше түрін ажырату мақсатында, оған арнайы «көркемдік» ұғымы берілген. Білім берудің мақсаты мен мазмұны, оны ұйымдастырудың түрлері мен әдістері, адамзаттың жалпы білім алу даярлығына қойылатын талаптар өркениетті педагогикалық идеяларға сәйкес өзгеріп отырады. Ол «не үшін және қалай нәтижелі оқыту керек?» деген сұрақ коюды көздейді.

Көркемдік неғұрлым жоғары дәрежеде болса, өнер шығармасының маңызы да соғұрлым арта түседі. Өнер көркемдігі өмірді шынайы бейнелеуді талап етеді. Шындықтың бұрмалануын көркемдік көтермейді. Көркемдік қоғамның дамып отырған талғамына жауап беруі керек. Өнерге тән нанымдылық пен жағымдылық көркемдіктің негізі болып табылады.

Көркемдік өнер шығармасының барлық жақтарын қамтиды және әрбір элементіне байланысты шындықты бейнелеудегі өнердің басты құрамы – образ толық мағынада көркемдік дәрежеге көтерілуі қажет. Шығарманың тақырыбы мен идеясы, сюжеті мен композициясы, тілі мен әдісі – осының бәрі көркемдік заңына бағынады. Олар жеке алғанда ойға орамды, сезімге жайлы келіп, гармониялық бірлестікте шығармаға нәр береді, оны тартымды етеді, көркем дүниеге айналдырады. Шығарманың мазмұны мен түрі бірлестікте болуы – көркемдік заңы. Өнер түрлерінің, форма мен жанрларының көркемдік ерекшеліктері болады. Қашан да көркемдік дегеніміз – бұл эстетикалық мөлшерді сақтау.

Көркемдік тұрғысынан дүние сырын игеру-жаратылыс шындығына, әр нәрсенің, әр құбылыстың мән-мағынасына талдау, саралау жолымен жай ойлана үңілу ғана емес, ол- ең алдымен күллі әдемілік әлемін, сұлулық сипатын бар табиғатымен беріліп жан-жақты тану, рухани жан-жылуыңмен егжей-тегжейлі сезіну. Платон мен Аристотельден бастап ғасырлар бойы адам баласы, ақыл-ой, парасат, осы дүние көркі мәселесі төңірегінде үзбей толғанып келген. Бұл тақырыпқа байланысты қазіргі заман эстетикасында да пікірталастар толастап көрген емес. Мұны байыпты шешу – көркемөнер қазынасының бір жұмбақ тылсым құпиясын ашу деген сөз.

«Білім» термині, бұл мағына қоғамдағы жеке адамдарды үздіксіз оқыту мен тәрбиелеу арқылы олардың жоғары мәдениеті, интеллектуальды және дене дамуын қалыптастыру болып табылады. Қоғам мүшелерінің кәсіби компоненттері – жоғары деңгейге жеткізудің сара жолы.

Білім-ақпарат емес. Білім деген не? «Дәстүрлі (репродуктивтік) оқыту оны, бірінші кезекте, ақпаратпен байланыстырады. Бұл түсінік білімді игеру үдерісінің басты мәселелерінің біріне айналып кеткен, өйткені ол үйрену үйретудің

мазмұнын тек ақпарат «берумен» (ұстаз тарапынан) және ақпарат «алумен» ғана (шәкірт тарапынан) шектейді. Ондай жағдайда «білімді» деп тек көп білетін, яғни жадында, есінде көп мағлұмат сақтайтын адамды атауымыз керек шығар?» дейді Асхат Әлімов [4]. «Білім деген не?» десек, шындығында да ол абстрактылы ұғым емес, білім-нақты білік пен дағды. «Не нәрсеге үйренсек те, оның барлығы да өмірмен тығыз байланыста болғаны абзал», – деп тұжырымдайды жоғарыда аталған оқыту теориялары.

Білім беру жүйесін дамытудың бүгінгі күндегі гуманистік бағдары ежелгі кезеңде Конфуций және Сократ қалыптастырған идеяларға сәйкес тартыс тудыруда. Негізінен ол қандай дүниетанымдық ұстаным қолдануға байланысты болып отыр? Білім берудің құндылығы әлемнің образды бейнесін түсінумен байланысты, ал білімділіктің биік мұраты қалыптасқан мәдени белгінің өзіндік көрінісімен тікелей байланысты.

Білім беру бағытында консервативтік (кертартпа) және либералды көзқарастар қалыптасқан. Консервативтік – білім берудің негізгі мақсаты қоғамның дәстүрлі құндылықтарын сақтау, жеке адамды әлеуметтік қоғам қалыптастырған нормаларды қабылдауға тәрбиелеу. Ал, либералды сипатқа ие бұл құндылықтың өзіндік дамуы мен жеке тұлғаның білім алу үдерісінде дамуы анықтаушы белгі ретінде танылады.

Ежелгі кезеңде Конфуций мен Сократ идеяларында қалыптасқан білім берудің гуманистік бағыты ретінде танылатын либералды құндылық ұстанымдары бойынша шығармашылық тұлғаны қалыптастыру білім беру үрдісінің негізгі элементі болып танылады. Мұндай аксеологиялық тұжырым білім берудің міндеттері ретінде адамның ойлау еркіндігін, өз бетінше жауапкершілікпен таңдау қабілетін, психологиялық зерделілікті, болашақтағы іс-жоспарын көре білу мүмкіндігін, т.б. негізгі шарт ретінде біледі.

Соңғы жылдары көптеген елдердің педагогикалық бағытында білім беруде гуманистік бағыттың негізгі бағыт ретінде анықталуы қазіргі кезеңде едәуір өзгеріске енген мәдени-антропологиялық парадигма аясында заңдылыққа айналып отыр. Адам мүмкіндіктерінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуде білім беру қағидасы негізгі факторға айналып, көптеген педагогиканың категориялық аппараты мәнді жаңа түсініктермен толықты.

Білім беру жүйесінің жаңа білім парадигмасының толыға түсуіне байланысты К.Арынғазин және Б.Момынбаев сынды бірқатар ғалымдар «білім беруді»: «Табиғат әлемі, адамзат әлемі және мәдениет әлемін жеке тұлғаға ауыстыру үдерісі» деп анықтайды, «Адамзат жинақтаған тәжірибе» деп түсіндіреді [5]. Мұнан басқа (М.Р.Көпжасаров, Н.Н.Нұрахметов, Г.Д.Әуелбекова) авторлар ұжымы айтылған ұғымның үш түріне түсінік береді: 1) оқыту үдерісіндегі нәтиже бойынша білім мен дағды және икемділік – табиғат пен қоғамдық өмірдің арақатынасына да байланысты болады; 2) өмірдегі алған білім жүйесінің дамуы мен өзгеруі жаңашыл көріністерді үздіксіз меңгеруге де байланысты; 3) адамзатты мақсатты бағытта оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттік білім беру деңгейінің жетістігі болып табылады [6].

3.Шаукеновтың «Білім сапасы – білім тасымалдаушыларда» атты мақаласында «білім» ұғымы белгілі бір мәдениеттің түрі ретінде айқындалады. Білім – қоғам мен тұрмыста өте сезімталдықпен қабылданып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруы тиіс деген пікірін білдіреді. Өзінің осы саладағы ойын тұжырымдай келе, 3.Шаукенов «Тұрақтылық пен өзгерістер, дәстүрлі және жаңарту, ұлттық және ауқымды мәселелердің арасындағы теңдестікті де табу керектігін ескертеді. Ал, соңғы (автор ауқымды мәселе туралы айтып отыр) мүмкіндіктер де ойлар мен тың идеялар, тиімді ауқымды бағыттар, динамикалық және оқшау мәселелердің мүмкіндіктерін аша түседі. Автор оқытудағы дәстүрлі және ұлттық мәселелерді айта келе, дәстүрлі және ұлттық дегеніміз – бір жағынан қоршаған ортадағы нақты аймақты шеңбердегі адамдар қоғамы, екінші жағынан сол нақты қоғам үшін жинақталған тәжірибенің ықпалы және оның нақты қоғамға арнап сүзгіден өткен механизмі – деген ойын білдіреді [7].

Бүгінгі қоғам сұранысына сәйкес нәтижеге бағытталған білімнің жаңа сапасын жүзеге асыру – білім жүйесінің барлық салаларын – мектепке дейінгі білім беру салаларынан бастап, жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйелерінде жаңа тұрғыданғы көзқарасты қалыптастыруы қажет.

Келтірілген ұстанымға сүйене отырып, және оны базалық негізге ала отырып, жалпы білім беретін мектеп оқушыларының көркемдік білімін анықтауды жалғастырайық. «*Көркемдік білім*»

ұғымы терминологиялық зерттеуді талап етеді. Пластикалық өнер сөздігінде бұл ұғым арнайы білімді, бейімділікті, дағдыны, белгілі бір өнер саласында меңгеруді айтады. Ал оның нәтижесі оқушыларды көркем шығармашылық сабағына дайындау болып табылады. Сондай-ақ оған жалпы білім беретін мектеп, балалар көркем мектебі және өнер мектептері кіреді.

Біздің түсінігіміз бойынша, ұлттық идея шеңберіндегі полиэтникалық білім беру ортасында көркемдік білім беру құралдары арқылы мектеп оқушыларының келесі жағдайларға бағдарлануы тиіс: білім алушылардың бойында этномәдени ұқсастықты, этнотолеранттылықты, дүниетанымдық және этнокөркемдік мәдениетті, әлеуметтік мәдени бейімділікті, адамдар арасындағы қатынас мәдениетін, өзге мәдениеттердің көркемдік білім беру ұғымдарын түсіну мен қабылдаудағы құндылық бағдарларын, олардың өзара қарым-қатынасы мен диалогын қалыптастыру, білім беру мақсаттарына жетудің маңызды талабы ретінде этностық көркемдік іс-әрекетте оқушылардың теориялық және практикалық даярлығын жетілдіруде ізденіс тәжірибесіне ие болу.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. Советский энциклопедический словарь. – М.: СЭ, 1989. – 1632 с.
2. Краткий словарь по эстетике. – М.: Просвещение, 1983. – 224 с.
3. Пластические искусства: Краткий терминологический словарь. – М.: ПАССИМ, 1994. – 160 с.
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы, 2009. – 328 б.
5. Арынгазин К., Момынбаев Б. Становление новой культурно-исторической педагогической эпохи // Высшая школа Казахстана. – 1998. - № 6. - С. 64.
6. Копжасаров М.Р., Нурахметов Н.Н., Аульбекова Г.Д. Технологизация учебного процесса: казахстанский опыт. – Алматы: Зият-Пресс. – 2005.
7. Шаукунова З. Качество образования – в носителях знаний // Казахстанская правда. – 2007, 15 ноября.